

«Ғылымның мәні неде атты эссе байқауы туралы ЕРЕЖЕ

(бакалавриат және магистратура студенттері арасында)

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Ғылымның мәні неде?» тақырыбындағы эссе байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру мен өткізудің мақсаттарын, міндеттерін, тәртібін, қатысушыларға қойылатын талаптарды, байқау жұмыстарының мазмұны мен ресімделу талаптарын, бағалау критерийлерін және қорытынды шығару тәртібін айқындайды.

1.2. Байқау Қазақстан Республикасы Ғылым қызметкерлері күніне орай ұйымдастырылатын Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетіндегі (бұдан әрі – ҚазҰӨУ) «Ғылым бүгін: ойлау, технологиялар, жауапкершілік» атты Ғылым күндері аясында өткізіледі.

1.3. Байқауды ұйымдастырушы – ҚазҰӨУ Ғылым бөлімі.

1.4. Байқау университетішілік сипатта өткізіледі және қатысу тегін негізде жүзеге асырылады.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1. Байқаудың мақсаты: студенттердің ғылыми білімге саналы көзқарасын қалыптастыру, ғылымның қазіргі қоғамдағы, мәдениеттегі және тұлғаның кәсіби қалыптасуындағы рөлін түсінуін дамыту.

2.2. Байқаудың міндеттері:

- аналитикалық және сыни ойлау дағдыларын дамыту;
- студенттердің ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылығын ынталандыру;
- өзіндік рефлексия жасау және ұстанымын дәлелді түрде жеткізе білу қабілетін айқындау;
- ғылыми және эссе жазу мәдениетін қалыптастыру;
- ғылымды құндылық әрі ойлау тәсілі ретінде пәнаралық тұрғыда түсінуді қолдау;
- креативті әрі ерекше ойлайтын студенттерді анықтау.

3. Байқауға қатысушылар

3.1. Байқауға ҚазҰӨУ-дің барлық білім беру бағдарламалары бойынша бакалавриаттың 1–4 курс және магистратураның 1–2 курс студенттері қатыса алады.

3.2. Байқауға қатысу жеке түрде жүзеге асырылады.

3.3. Әрбір қатысушыдан бір ғана байқау жұмысы қабылданады.

4. Байқаудың тақырыбы мен форматы

4.1. Эссенің негізгі тақырыбы: «Ғылымның мәні неде?».

4.2. Көрсетілген тақырып аясында қатысушы эссенің проблематикасын өз бетінше айқындайды. Ғылымның, креативті индустриялардың, өнердің рөліне философиялық, әлеуметтік, мәдениеттанулық, көркем-рефлексивтік немесе пәнаралық тұрғыда пайым жасауға рұқсат етіледі.

4.3. Байқау эссені нақты уақыт режимінде жазу форматында өткізіледі.

4.4. Байқаудың өткізілу күні мен орны ҚазҰӨУ Ғылым күндерінің бағдарламасына сәйкес айқындалады. 2026 жылы Байқау 3 сәуірде өткізіледі, қатысуға өтінімдер 2026 жылғы 01 сәуірге дейін қабылданады.

5. Байқау жұмысына қойылатын талаптар

5.1. Эссе қазақ, ағылшын немесе орыс тілдерінің бірінде жазылуы мүмкін.

5.2. Эссенің ұсынылатын көлемі – А4 форматындағы қағазда 2–4 бет қолжазба мәтін.

5.3. Эссе келесі талаптарға сай болуы тиіс:

- автордың жеке көзқарасын көрсету;
- пайымдаудың логикалық жүйелілігі мен тұтастығы;
- қорытындылардың дәлелділігі;
- тақырыпты ашудағы өзіндік әрі шығармашылық тәсіл.

5.4. Эссе жазу барысында қосымша материалдарды, электрондық құрылғыларды және сыртқы ақпарат көздерін пайдалануға жол берілмейді.

5.5. Эссе мәтіні авторлық болуы тиіс. Егер мәтінде плагиат немесе өзге де орынсыз дәйексөз алу фактілері анықталған жағдайда, жұмыс Байқаудан шеттетіледі.

6. Бағалау критерийлері

6.1. Байқау жұмыстары келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- тақырыптың ашылу тереңдігі мен мазмұндылығы – 5 балл;
- ойлау дербестігі мен шығармашылық ерекшелігі – 5 балл;
- баяндау логикасы мен құрылымы – 5 балл;
- ұстанымның дәлелділігі – 5 балл;
- жазба тіл мәдениеті мен стиль – 5 балл.

6.2. Әрбір критерий балдық жүйе бойынша бағаланады. Қорытынды баға барлық критерийлер бойынша жиналған балдардың қосындысы ретінде анықталады. Ең жоғары балл – 25.

7. Байқау қазылар алқасы

7.1. Байқау жұмыстарын бағалау үшін университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы мен ғылыми қызметкерлері қатарынан қазылар алқасы құрылады.

7.2. Қазылар алқасының құрамы Байқауды ұйымдастырушы тарапынан бекітіледі.

7.3. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

8. Қорытынды шығару және марапаттау

8.1. Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаз және жүлдегерлер анықталады.

8.2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен және алғыс хаттармен марапатталады.

8.3. Үздік байқау жұмыстары университеттің ақпараттық ресурстарында жариялауға ұсынылуы немесе ғылыми-ағартушылық іс-шаралар аясында пайдаланылуы мүмкін.

9. Қорытынды ережелер

9.1. Байқауды ұйымдастырушы осы Ереженің мақсаттары мен қағидаттарын сақтай отырып, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу құқығын өзіне қалдырады.

9.2. Байқауға қатысу фактісі қатысушының осы Ережеде көрсетілген шарттармен келісетінін білдіреді.

Қатысуға өтінім (01.04.2026 дейін):



ПОЛОЖЕНИЕ
о конкурсе эссе «Зачем – наука?»
(среди студентов бакалавриата и магистратуры)

1. Общие положения

1.1. Настоящее Положение определяет цели, задачи, порядок организации и проведения конкурса эссе «Зачем – наука?» (далее – Конкурс), требования к участникам, содержанию и оформлению конкурсных работ, критерии оценивания и порядок подведения итогов.

1.2. Конкурс проводится в рамках Дней науки в Казахском национальном университете искусств имени Күләш Байсейітовой (далее – КазНУИ) «Наука сегодня: мышление, технологии, ответственность», приуроченных ко Дню работников науки Республики Казахстан.

1.3. Организатором Конкурса является Отдел науки КазНУИ.

1.4. Конкурс носит внутривузовский характер и проводится на безвозмездной основе.

2. Цели и задачи Конкурса

2.1. Цель Конкурса: формирование у студентов осознанного отношения к научному знанию, понимания роли науки в современном обществе, культуре и профессиональном становлении личности.

2.2. Задачи Конкурса:

- развитие навыков аналитического и критического мышления;
- стимулирование интереса студентов к научно-исследовательской деятельности;
- выявление способности к самостоятельной рефлексии и аргументированному изложению позиции;
- формирование культуры научного и эссеистического письма;
- поддержка междисциплинарного взгляда на науку как ценность и способ мышления;
- выявление неординарно мыслящих студентов.

3. Участники Конкурса

3.1. К участию в Конкурсе приглашаются студенты 1–4 курсов бакалавриата, 1–2 курсов магистратуры КазНУИ всех образовательных программ.

3.2. Участие в Конкурсе является индивидуальным.

3.3. От одного участника принимается одна конкурсная работа.

4. Тематика и формат Конкурса

4.1. Ключевая тема эссе «Зачем – наука?».

4.2. В рамках обозначенной темы участник самостоятельно формулирует проблематику эссе. Допускается философское, социальное, культурологическое, художественно-рефлексивное и междисциплинарное осмысление роли науки, креативных индустрий, искусства и т.д.

4.3. Конкурс проводится в формате написания эссе в реальном времени.

4.4. Дата и место проведения Конкурса определяются программой Дней науки КазНУИ. В 2026 году Конкурс проводится 03 апреля, прием заявок на участие принимается до 01 апреля 2026 г.

5. Требования к конкурсной работе

5.1. Эссе может быть выполнено на казахском, английском или русском языке.

5.2. Рекомендуемый объем эссе 2-4 страницы рукописного текста на листе формата А4.

5.3. Эссе должно отражать:

- личную позицию автора;
- логичность и целостность рассуждений;
- аргументированность выводов;
- оригинальность подхода к раскрытию темы.

5.4. Использование вспомогательных материалов, электронных устройств и внешних источников информации в процессе написания эссе не допускается.

5.5. Текст эссе должен быть авторским. В случае выявления заимствований работа снимается с Конкурса.

6. Критерии оценивания

6.1. Конкурсные работы оцениваются по следующим критериям:

- глубина и осмысленность раскрытия темы – 5 баллов;
- оригинальность и самостоятельность мышления – 5 баллов;
- логика и структура изложения – 5 баллов;
- аргументированность позиции – 5 баллов;
- культура письменной речи и стиль – 5 баллов.

6.2. Каждый критерий оценивается по балльной системе. Итоговая оценка формируется как суммарный балл, максимальный балл – 25.

7. Жюри Конкурса

7.1. Для оценки конкурсных работ формируется жюри из числа профессорско-преподавательского состава и научных сотрудников университета.

7.2. Состав жюри утверждается организатором Конкурса.

7.3. Решение жюри является окончательным и пересмотру не подлежит.

8. Подведение итогов и награждение

8.1. По итогам Конкурса определяются победитель и призёры.

8.2. Победители и призёры награждаются дипломами и благодарственными письмами.

8.3. Лучшие конкурсные работы могут быть рекомендованы к публикации на информационных ресурсах университета или использованы в рамках научно-просветительских мероприятий.

9. Заключительные положения

9.1. Организатор Конкурса оставляет за собой право вносить изменения и уточнения в настоящее Положение при сохранении его целей и принципов.

9.2. Факт участия в Конкурсе означает согласие участника с условиями настоящего

Положения.

Заявка на участие (до 01.04.2026):

